

«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша
білім болімі» мемлекеттік мекемесінің «№2 Жамбыл атындағы орта
мектебі мектепке дейін шағын орталығымен» мемлекеттік
коммуналдық мекемесі

**Ата – аналармен атқарылған
жұмыстарға талдау есебі**

2022-2023 оқу жылы

**«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш аудандық
бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№2 Жамбыл
атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»
мемлекеттік коммуналдық мекемесі**

Мектепішілік ата – аналар жиналышының

2022-2023 оку жылында атқарылған жұмыстарға талдау есебі

№2 Жамбыл атындағы орта мектебінде 2022-2023 жаңа оку жылының басталуына орай 6 қыркүйек ата – аналар комитетінің төрайымы Қылышбаева Назерке өткен оку жылындағы атқарылған жұмыстырының талдау есебін берді. Ата-ана комитетінің есебі тыңдалғаннан кейін қайта биылғы жылға ата - аналар комитетінің төрайымын сайлау жөнінде ұсыныс айттылды. Жиналышқа жиналған ата-аналар бір ауыздан Назерке үйреніп қалды ғой биылғы жылға да Назерке бола берсін деген ұсыныстар тусуіне байланысты Қылышбаева Назерке қайта сайланып, жаңа оку жылына жоспар құрылғып бекітілді. Баланың тәрбиесіне ата – ананың жауапкершілігі мол болғандыктан балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу іс – шараларында бірлесе жұмыс жасауга қолдау көрсетті. Және де осы оку жылының бастапқы айлары яғни 1 тамыз беренден 30 қыркүйек арасында жүргізілетін «Мектепке жол» акциясының белсенділері болуға шакырды. Осы арада мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Карагаева Алия мектеп директорының ережесі таныстырды. Яғни мектепте құрылған ережеге сәйкес мектеп оқушыларының бет бейнесімен тәртібіне ата – аналар тарапынан көбірек бақылау мен көмек берулерін сүрады.

13 қазан 2-4 сынып оқушыларының ата – аналарына мектепішілік конференция өткізілді. Атальыш жиналыш барысында мектеп директоры Манжибаева ата-аналарға сапалы білім беру мен саналы ұрпақ өсіруде мектеп -ата-ана болып бірлесіп жұмыс жасауды баса айттып өтті. Конференция бес тақырып бойынша қарастырылды. Мектеп психологы М.Найзабекова әр тақырыптың маңызы орасан зор екендігін айттып отіп, жеке –жеке слайд арқылы тақырыптарға тоқталып өтті. «Отбасылық құндылықтарды нығайту» тақырыбында директордық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Карагаева «Бала отбасын құрметтеуі және бағалауы үшін, ата-ана өзінен бастауы керек. Егер отбасында береке болмаса , баласы үшін уақыт таппаса, балаға дәл осындай отбасы қалыпты, дұрыс болып көрінеді»-деді. Конференция барысында сауалнама толтырылып, кітапшалар таратылды. Сергіту сәті ретінде психолог М.Найзабекова «Балаңа жылу сыйла» атты тренинг ұйымдастырды. Жиналған ата-ана конференцияға жоғары баға беріп, өз пікірлерімен бөлісті.

2022 жылдың 14 қазан «XXI ғасырдағы Қазақстандық ата – ана: өз балана үлгі бол» тақырыбында 8-9 сынып оқушыларының ата – аналарына конференция өткізілді. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Манжибаева Айнур сөз алып, ата-аналарға сапалы білім беру мен саналы ұрпақ өсіруде мектеп -ата-ана болып бірлесіп жұмыс жасауды баса айттып өтті. Екінші мәселе бойынша мектеп психологы М.Найзабекова конференцияның алты тақырыбы төнірегінде слайд көрсету ақралы жасөспірімдердің психологиясына бала тәрбиесінде ата-ананың рөлі ерекше екендігін атап көрсетті. «Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында директордық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Карагаева интернет желісінде таратылатын ақпарат алу арқылы баланың денсаулығына қауілті жақтарында айттып өтті. Конференция барысында кітапшалар

таратылды. Жиналган ата-ана конференцияга жоғары бага беріп, өз пікірлерімен болісті. Жиынга жиналған ата-аналар өздеріне педагогика-психологиялық көмек алғандары жайлы пікірлерін білдіріп, алгыстарын жеткізді.

22 күнашында Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату. Ата-аналардың мектеппен, мұғаліммен тығыз байланысын арттыру, балаларын білімге, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Бала тәрбиелуе саласының аз да болса жоғарылауына ықпал ету мақсатында 4 «А», 4 «Б» сыныптың ата-аналарымен педагог ұйымдастырушы Карагаева Алия «Бала тәрбиесіндегі ата-ана» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг психологиялық ахуал ретінде караокемен ән айтқызумен басталды. Ата-аналарды үш топқа бөліп, оларды «Мейірім», «Шуак», «Аялы алақан» деп үш топқа жасырылған стикерлер арқылы бөліп отыргызыды. Ата-аналарға бүгінгі тренингтің мақсатымен таныстыра отырып бүгінгі тақырып бойынша тапсырмалар беріліп, сурет салу керектігі ескертілді. Ата-аналарға тапсырма беріле салып, еш ойланбастаң, қорықпай, берілген тапсырманы тездетіп орындауга тырысу керектігі ескертілді. Суреттерді тез салу керек, өйткені оларды салуга уақыт өте аз берілді. Ата-аналар берілген тапсырманы қызығушылықпен орындаап, қойылған сұрақтарға жауап беріп отырды. Тренинг соңында ата-аналар бүгінгі тренингке өз ойларын білдірді.

Желтоқсан айының 20 күні «Мәңгілік Ел» патриоттық актысы бағдарламасын насиҳаттау мақсатында кезектен тыс мектепшілік ата – аналар жиналысы өткізілді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары «Отбасындағы жасөспірмдердің тәрбиесінде кездесетін тәрбие түрлері» тақырыбында дөңгелек үстел басында ата-аналармен әңгіме өткізді. Әңгіме барысында ата – аналар өз ойларын еркін жеткізіп, отбасындағы тәрбиенің тиімді жолдарымен сыр бөлісті.

Қантар айының 21 күні ата-аналар комитеті отырысы болып өтті. Кезекті жиналыс басталмас бұрын мектеп психологи Найзабекова Меруерт «Бала тәрбиесіндегі ата-ана» атты тақырыпта тренинг өткізді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Карагаева Алия оқушылардың мектеп айналасында және мектептен тыс аймақтарда тәртіп сақтау ережелерін қатаң қадағалау жұмыстарының өткізілетіні туралы хабардар өтті. Ата – аналарда колдау көрсетіп балаларының қауіпсіздіктері өздерінің жауапкершіліктерінде екенін айттып өтті. Жиналыс кезінде әлеуметтік педагог К.Мусаева «Қамқорлық» акциясы барысында оқушыларымызға көптеген көмек көрсетіліп жатқаны жайында айттылды.


10 ақпан күні 7 сынып оқушыларының ата-аналарымен бірлесіп ДТІЖО Карагаева Алия, мектеп психологі Найзабекова Меруерт жиналыс өткізді. Жиналыс барысында Найзабекова Меруерт ата-аналарға «Ресурс» бағдарламасы туралы түсінік берді. "Ресурс" бағдарламасы баланың психикасы үшін мүлдем қауіпсіз, оқушының психикалық дамуының күшті және әлсіз жақтарын көруге көмектесетіндігі туралы айттып өтті. Сондай-ақ ата-аналар балалардың психологиялық тестілеуіне құрметпен карауы керек, өйткені бұл қорқыту, зорлық-зомбылық және суицид сияқты жағымсыз мәселелердің алдын алудың маңызды құралы екенін, балалар өз бетінше көмекті сұрауга немесе өз сезімдері мен проблемалары туралы ашық айта алмайтындығы жөнінде сөз қозғалды. Бұл психологиялық тестілеу проблемаларды ерте анықтауга және балага қажетті колдау көрсетуге көмектесетіндігі жөнінде де айттылды. Жиналыс

тек бұл такырыптармен ғана шектелмәді. жиналыс барысында оқушылармен құқық бұзушылықтың, зорлық -зомбылықтың алдын алу бойынша Карагаева Алия түсіндірме жұмыстарын жүргізе отырып ата-аналармен «Лабиринт» ойынын ойнатқызып, ата-аналарды ауыз бірлікке, ынтымакқа әрбір қыншылықты бірге шешуге шақырды.

Сонымен катар мектеп психологі ата-аналармен әр түрлі тренингтер өткізді.


Кемедегінің жаны бір демекші бұл тренингтер ата-аналармен әр дайым бірлесіп жұмыс атқарғанда, бірлесіп тәрбие бергенде алынбайтын қамал жоқтығының айқын бір дәлелі болғандай.

14.03 күні 2-4 сыйнып оқушыларының ата-аналарымен «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың баланың психоэмоционалды дамуына әсері» атты ата-аналармен пікір алmasу өтті. Ата-аналармен пікір алмаса отырып ата-аналар назарына осы такырыпқа сай бейнеролик ұсынылды. Бейнеролик көрсетіліп болған соң ДТІЖО Карагаева Алия ата аналарға бала тәрбиесіне тек мұғалім ғана емес бала тәрбиесін бірлесіп қолға ұстағанда ғана алынбайтын қамал жоқ екендігін айтты. Мектеп психологі Найзабекова Меруерт «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың баланың психоэмоционалды дамуына әсері» атты ата-ана назарына презентация ұсына отырып, барлық құқықбұзушылықтың бастамасы көбінде үйде жылу көрмейтін, зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалардың психикасы бұзылып әр түрлі құқықбұзушылыққа баратыны белгілі. Баланың дамуына ата-ананың тәрбиесі тікелей әсер етеді. Әке шешеге қарап бала мінез-құлық үлгілерін, солардың жасаған әрекеттерін жасайтыны барлығымызға мәлім, сондықтан да біздін әрқайсымызда ата-аналық қарым-қатынасымыз жақсы болу керек. Балаға құш көрсетпей оларға сенім артып, оларды мақтан тұтанымызды үнемі жақтарын айттып отырса балада жақсы болуға үмтүлады. Балаларымыздан жылуллығымызды аямайық оларға әрдайым махабbat пен өзара құрмет көрсетіп отырса ол бала да мейірімді болып өсетініне сенетіндігін айтты. Пікір алмасу барысында келген ата-аналармен тренингтер мен ойындар үйимдастырылды.





15.03.2023 жылы 5-11 сынып оқушыларының ата-аналарына «Құқық бұзушылықтың алдын алушагы ата-ана жауапкершілігі» тақырыбында ата-аналармен шебер сынның өткізділі. Шара барысында ата-аналар назарына құқықбұзушылықтың арты қандай жағдайға әкеп соғатыны жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізіле отырып, назарларына бейнеролик ұсынылды. Сондай-ақ ата-аналарға ата-ананың бала тәрбиесіндегі ролі туралы айтылды. «Ел болам десен, бесігінді түзе» деп айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына катаң бақылау жасалып отырса, жасөспірімдер арасында болатын құқықбұзушылық орын алмайтындығы, бүгінгі таңда қогамның алдында тұрган басты міндеттердің бірі — балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу керектігі жөнінде сөз қозғалды. Сонымен қатар ата-аналарға «Сіз қандай ата-анасызы» тақырыбында сауалнама алынды. Топтық тапсырмаларда берілді. Мектеп психологі тренинг ұйымдастырылды. Сонымен қатар құқықбұзушылықтың алдын алуша тек мектеп қана емес бала тәрбиесіне ата-анада тікелей жауапты екендерін, демалыс күндері балаларды қатаң қадағалау керектігі жөнінде ескертілді. Бала әр дайым ата-ананың бақылауында болу керектігі, сонымен сырласу керектігі, баланың жан дүниесіне үніліп оны өзініздің орныңа қойып көру керектігі жөнінде сөз қозғалды. Баладан сыр тартқын келсе оның досы бол, сырласы бол сонда баланыздың жан дүниесінде не болып жатқанын біле аласыз. Соңдықтан балаларымызға көп көңіл бөлу керектігі жөнінде де айтылды.






28 сәуір күні мектепте жалпы ата—аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында ата—аналар назарына бала тәрбиесі жайлы бейнеролик ұсынылды. Сондай—ақ оку жылышың аяқталуы, құқық бұзушылықтың алдын алу, қауіпсіздік ережелері туралы және әр түрлі мәселелер қозгалды..

Мамыр айының 16 күні Халықаралық Отбасы күніне орай мектеп басшысының тарарапынан болған құттықтаудан кейін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Карагаева Алия: өз сөзінде ата-ананың бала өмірі үшін, оның өмір қауіпсіздігі үшін жауапты екендігін айта отырып, ата-аналардың міндеттері мен жаупкершілігіне нақты тоқталып кетті. Бала қауіпсіздігін тек-қана сүйк қару ұстамау, көлік жүргізбеу, ауыл сыртына аңға шығу, түнде бейmezгіл уақытта ата-анасынсыз жүрмеу мен шектелмей, ауылымызға орнатылып жатқан интернет желісі аясында-қандай уақыт болмасын баланыздың желі де нендей видеролик немесе желіде немен айналысып отыратынын жіті қадағалап отыруы жайлы кеңінен тоқталып, түсіндіріп, алдын алу шараларын айтып, алдағы жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігіне ата – аданың жауапты екендігін айтып өтті. Жиналыс барысында мектеп психологі Найзабекова Меруерттің «Көңіл күй», «Сіз қандай ата – аласыз?» атты тренингтерімен жалғасын тапты. Тренинг барысында ата – аналардың өз балаларына қаншалықты көңіл бөлөтіндігі, балалары туралы қаншалықты ақпарат білетіндігі байқалып, ата – аналар көтерінкі көңіл күймен отырды.

Жиналыс соңында ата-ана балаларының қауіпсіздігі үшін және де жазғы демалыстағы өмірі үшін өздерінің жауап беретінін айтты. дәлелі болғандай.





Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: *Ril* А.Карагаева